

**NEWS**

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 4, Number 34 (2016), 14 – 17

**ENZOOTIC ABORTION OF EWES: SEROLOGICAL AND  
PATHOLOGICAL AND MORPHOLOGICAL DIAGNOSIS**

**Kh.B. Abeuov, G.S. Shabdarbayeva, A.S. Ibazhanova,  
O.T. Turebekov, K.T. Maykhin, Zh. Zh. Kenzhebekova**

Kazakh agrarian national university, Almaty

**Key words:** enzootic abortion of ewes, serological studies, diagnosis, pathological and morphological diagnostics.

**Abstract.** In the article results of serologic and pathological and morphological diagnostic studies of enzootic of abortion among the sheep farms the southern regions of Kazakhstan are given.

ӘОЖ 619:579.882.11-84

**ҚОЙДЫҢ ЭНЗООТИЯЛЫҚ ІШ ТАСТАУЫ: СЕРОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ПАТОЛОГИЯЛЫҚ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БАЛАУ**

**Х.Б. Әбеуов, Г.С. Шабдарбаева, А.С. Ибажанова,  
О.Т. Төребеков, Қ.Т. Майхин, Ж.Ж. Кенжебекова**

Қазақ ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қ.

**Түйін сөздер:** қойдың энзоотиялық іш тастауы, серологиялық зерттеу, диагностика, патологиялық морфологиялық балау.

**Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасы оңтүстік облыстары шаруашылықтарындағы қойдың арасындағы энзоотиялық іш тастау індетін серологиялық және патологиялық морфологиялық балау нәтижелері берілген.

**Кіріспе**

Қойдың энзоотиялық іш тастауы (хламидиоздық, вирустық іш тастауы және т.б.) – іш тастаумен, өмірге қабылетсіз төлдердің туылуымен және төлдер арасында энтерит, пневмония, конъюнктивит және артриттермен сипатталатын жіті және созылмалы түрде өтетін ауру.

Ауру қоздырушысының полифагизмі және анық пластицизмі бар болуы себебінен, хламидиялық індет адам мен жануарларға тұрақты қауіп төндіретін, әрі кең тарау алатын классикалық антропозооноз болып саналады. Осыған байланысты хламидиозды тәнді табиғи-ошақтық инфекция ретінде қарастырған жөн болады [1, 2, 3].

Туылатын төлде індеттену жартылай жатыр ішінде өтеді, сонымен қатар ауру сүт, азық және су арқылы да беріледі. Қошқарларда хламидиялық індет жасырын түрде өтеді, қойға жұғымталдық жанау арқылы беріледі. Зарарланған сперма арқылы ұрықтанған сау қой да іш тастайды.

Хламидиялық індет жануарлар арасында әлемнің көптеген мемлекеттерінде таралған, солардың арасында еліміз Қазақстанда және шекаралас Өзбекстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда кездеседі.

Облыстық ветеринариялық зертханаларының мал дәрігерлік есеп беру, аудандық зертханалардың сараптамалары және өзіміздің жүргізген зерттеулеріміздің деректері бойынша хламидиоздық іш тастау Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары

шаруашылықтары мал басында кездесетіндігі және бұл ауру тіркелген ошақтарда аурушандылық 40 және одан көп %-ды құрайтыны мәлім болып отыр [4, 5].

Зерттеу мақсаты – Жамбыл, Алматы облыстары шаруашылықтарындағы қойдың энзоотиялық іш тастауының індеттік жағдайын серологиялық анықтау және індетке шалдыққан малдың мүшелеріндегі патологиялық морфологиялық өзгерістеріне сипаттама беру.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) ҚазҰАУ биологиялық кафедрасының вироздарға қарсы биотехнология зертханасы және «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорны» ЖШС негізінде жүргізілді.


ҒЗЖ жүргізу барысында Жамбыл, Алматы облыстары шаруа қожалықтары қойларының қан сарысуы және патологиялық материалдарының сынамалары қолданылды. Қан сарысуы сынамаларын тексеру мақсатында серологиялық тест ретінде комплементті байланыстыру және ұзағынан байланыстыру реакциялары хламидиозды балау жөніндегі жалпы қабылданған зертханалық әдістер бойынша жүзеге асырылды.

Патологиялық морфологиялық зерттеулерді биологиялық қауіпсіздік кафедрасының сойып зерттеу бөлмесінде жүргіздік. Барлық мал өлекселері Г.В. Шор тәсілімен сойып зерттеліп, сойып зерттеу хаттамалары толтырылды.

Гистологиялық зерттеулер жүргізу үшін, сойып зерттелген қойлардың ішкі мүшелерін (бауыр, бүйрек, жүрек, көкбауыр, өкпе, қарын, аш және тоқ ішектер, ұйқы, қалқанша бездер, лимфалық түйіндер, ми) қолдандық. Әрбір мүшеден, олардың анатомиялық ерекшелігін ескере отырып қалыңдығы 0,5 см-дей болатын 4-5 кесекшелер алынды. Жүргізілетін зерттеу жұмыстарының мақсатына қарай алынған кесекшелер 10% бейтарапталған формалинде, 96% спиртте және Карнуа сұйығында бекітілді. Мүше кесекшелері парафинде нығыздалып, тілімдер алу үшін НЕОТІОН ERM 3100 және MC-2 микротомын қолдандық. Алынғын жұқа тілімдерді шолып зерттеу үшін гематоксилин-эозин, Ван-Гизон, Романовский-Гимза тәсілдерімен боядық, ал арнайы зерттеулер жүргізу үшін: гликогенді ШИК- реакциясымен Leica №S4040/№000000358 аппаратында бояп, анықтадық. Жасалған гистологиялық және гистохимиялық препараттарды МБИ-6 бинокулярлы микроскопында зерттеліп, суретке түсірілді.

Диагноз кешенді түрде: анамнездік деректер, клиникалық белгілерін, сойып зерттеу барысында анықталған мүшелер түрлеріндегі өзгерістерді, гистологиялық және гистохимиялық зерттеулер нәтижелері негізінде қойылды.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талдау.** Індеттің шығу көзін және қойлардың хламидиозбен аурушандылық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген серологиялық зерттеулердің барысында барлығы 545 малдың қан сарысуы, олардың ішінде Жамбыл облысының шаруа қожалықтарынан 324 қойдың және Алматы облысы бойынша 221 бас қойдан сынамалар тексерілді. Серологиялық зерттеулер нәтижелері 1-суреттегі диаграммада көрсетілген.



1-сурет – Қойларды хламидиозға серологиялық зерттеулердің нәтижесі.

1-ші суреттегі деректерге сүйенсек, Жамбыл облысы шаруашылықтар бойынша 28 қойдың қан сарысуының энзоотиялық іш тастауға оң нәтиже бергені (тексерілгендердің 12,6 %-н құрайды) және Алматы облысының 324 бас қойының 77-сі осы індетке шалдыққаны анықталды (23,7 %).

Патологиялық морфологиялық зерттеулер жасар алдында қой шаруашылықтарының иелерінен, малды күтушілерден және ауырған кезде емдеген мал дәрігерлерінен анамнездік деректер алынды. Айтуларынша отардағы қойлар әсіресе бірінші қоздайтын қойларда жиі кездескен, буаздықтың бастапқы кезінде қойлардың жыныс мүшесінен алғашқы кезде лайсаң сұйықтық бөлініп, кейіннен дене температурасы 41,5<sup>0</sup>С-қа көтеріліп, көзге көрінетін кілегейлі қабықтары қызарып, тәбеттері төмендеп, әлсіреген. Буаздықтың 2-3 аптасында 34 қой, буаздықтың 6-шы аптасында 8 қой түсік тастаса, клиникалық белгілері айқын байқалғаннан кейін, 7 қой өлген, сонымен қатар 21 қойда өмірге қабілетсіз төл туылған. Нәтижесі 1-ші кестеде көрсетілген.

1-кесте – Қойлардың хламидиозбен зақымдалуының патоморфологиялық көрсеткіші

Жалпы ауырған қой саны	Оның ішінде хламидиоздан келген өлексе саны		Патологиялық морфологиялық зерттелгені							
			Буаздықтың 2-3 ші аптасындағы түсік саны		Буаздықтың 6-шы аптасындағы түсік саны		Өлген қой саны		Өмірге қабілетсіз төл саны	
105			Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
	Алматы облысы шаруашылықтарында	51	27	52,9	5	9,8	5	9,8	14	27,4
	Жамбыл облысы шаруашылықтарында	19	7	36,8	3	15,7	2	10,5	7	36,8

Сонымен 1-ші кестеде көрсетілгендей, Алматы облысы шаруашылықтары бойынша жалпы патологиялық анатомиялық зерттеуге 51 бас малдан патматериал әкелінді, оның ішінде: буаздықтың 2-3 ші аптасында тасталған түсік өлексесі 27 немесе 52,9%, буаздықтың 6-шы аптасындағы түсік өлексесі 15,7%, өлген қой өлексесі 10,5%, қабілетсіз туылған төл өлексесі 27,4%, ал Жамбыл облысы шаруашылықтары бойынша 19 бас өлексе әкелінді, оның ішінде: буаздықтың 2-3 ші аптасында тасталған түсік өлексесі 7 немесе 36,8%, буаздықтың 6-шы аптасындағы түсік өлексесі 15,7%, өлген қой өлексесі 10,5%, қабілетсіз туылған төл өлексесі 36,8% көрсетті.

Келген мал өлекселерін сойып зерттеу барысында өлген қойлар да, барлық түсіктерде ауруға тән өзгерістер бір типті болғандықтан негізгі өзгерістерді ұсынып отырмыз.

Яғни, өлген қой өлекселерін сойып зерттегенде ішкі мүшелерде негізгі өзгерістер жатырда анықталды. Жатыр қабығы біркелкі емес, кей жерлері қалыңдаса, кей тұстары жұқарған, кілегейлі қабығы қою қызыл түсті, көмескіленген, домбығып, ісінген. Жатыр ішіне трансудат (сұйықтық) жиналған.

Лимфа түйіндері бірнеше есе ұлғаған. Ішектер қабығы қалыңдаған, кілегейлі қабық қарақызыл түсті, көмескіленген. Өкпе көлемі ұлғайған, шеткі қырлары доғалданған, түсі біркелкі емес, кесіп қарағанда мол қан ақты. Бауыр, бүйрек біркелкі боялмаған, консистенциялары жұмсақ, көкшіл-қызыл түсті, көлемдері ұлғайған. Жүрек көлемі ұлғайған, нүктелі қанталаулар бар, консистенциясы нығыз. Ми қанға толған.

Төлдерді сойып зерттегенде көкірек және құрсақ қуыстары серозды қан аралас сұйықтыққа толған. Тері асты шелі мен бұлшық еттерінде қанталаулар мен домбығулар. Паренхималық мүшелерде әсіресе өкпе мен жүректе ошақты қанталаулар, ми ісініп қанға толған, кіндік тұсы домбығып ісінген. Лимфа түйіндері мен тимус ұлғайған. Бауыр, бүйрек, жүрек дистрофияға ұшыраған. Тимус қанталап, домбыққан. Хориондар қабығы ісінген.

Жатырды гистологиялық зерттегенде ұлпа некрозы, қанталау, қабық инфильтрацияланған және сарысулы-гемморагиялық қабыну байқалды. Жатырдың эпителий қабық торшаларындағы қантамырлар қанға толған.

Көкірек, құрсақ қуыстарында жиналған сұйықтар, паренхималық мүшелерден, хориондардан, котиледондардан, жатырдың зақымдалған аймақтарынан хламидиялар денешігі анықталды.

**Қорытынды.** Серологиялық зерттеулердің (КБР, КҰБР) нәтижесінде Жамбыл және Алматы облысының қойларының арасында энзотиялық іш тастау індетімен ауыратыны анықталды (тіісінше 12,6 %-23,7 %).

Анықталған нәтижелер еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі қойлардың энзотиялық іш тастау індетімен азда болса ауыратынын дәлелдейді, бірақ бұл деректер індеттің шиеленісуі көрсеткішінен аспайды. Хламидиоздан іш тасталған төлді патологиялық анатомиялық зерттеген кезде көкірек, құрсақ қуыстарында жиналған сұйықтар, паренхималық мүшелерден, хориондардан, котиледондардан, жатырдың зақымдалған аймақтарынан хламидиялар денешігін анықтау керек. Сонымен қатар, жергілікті ветеринариялық қызмет қызметкерлерінің энзотиялық іш тастау індетіне қарсы жалпы профилактикалық ветеринариялық-санитариялық шаралармен қоса клиникалық ауру малды емдеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізбесе, індеттің өршіп, іш тастаулардың кеңінен орын алуына, нәтижесінде шаруа қожалықтарының экономикалық шығынға ұшырауына әкеп соқтырады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Курбанов И.А., Попова О.М., Терских И.И., Гизатуллин Х.Г. Возбудители группы ОЛТ в этиологии абортков коров // Ветеринария. - 1973. - № 7. - С. 36-39.
- [2] Равилов Р.Х. Хламидиоз плотоядных животных. - Казань: «Алма-Лит», 2003. -130 с.
- [3] Гаффаров Х.З., Хамадеев Р.Х., Шафикова Р.А. и др. Итоги широкого производственного испытания диагностикума хламидийного аборта овец /Болезни овец и меры борьбы с ними: Тез. докл. Всесоюз.конф. - Чита. 1980. - С.33-36.
- [4] Гаффаров Х.З., Хамадеев Р.Х. Эпизоотологические аспекты хламидийного аборта овец и основные принципы его профилактики. Актуальн. вопр. эпизоот./Тез. докл. Всесоюзн. науч. конф. по проблемам эпизоотологии. - Казань, 1983. - С.138.
- [5] Әнуар Д., Әбеуов Х.Б., Республикамыздың оңтүстік облыстарында анықталған хламидия штамдарының кейбір биологиялық қасиеттері //Профессор Н.Г. Асановтың 70-жылдығына арналған «Жануарлардың аса қауіпті сирек ұшырайтын және зооантропонозды ауруларына қарсы күрестің қазіргі заманғы мәселелері» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны материалдары. I том, Алматы, 06.12.2012 ж. 196-201 б.

#### REFERENCES

- [1] Kurbanov I.A, Popov O.M., Terek I.I., Gizatullin H.G. Pathogens group OLT in the etiology of abortions cows of // Veterinary science. - 1973. - № 7. - page 36-39.
- [2] Ravirov A.D. Chlamydia carnivores. - Kazan: "Alma-Lit", 2003 - Page 130
- [3] Gaffarov H.Z., Khamadeev A.D. Shafikova R.A. And others. The results of the production tests of a wide a diagnosticum chlamydial abortion of sheep / sheep disease called their control: tezizny dokllad union conference - Chita. 1980 - page 33-36.
- [4] Gaffarov H.Z., Khamadeev A.D. Epizootologicheskyy aspects of chlamydial abortion of sheep and the basic principles of prevention. Topical issues of epidemiology / tezisno reports teaching the Union conference on the problems of epidemiology. - Kazan, 1983. - page 138.
- [5] Anwar D., Abeuov HB, Chlamydial strains found in the southern regions of the Republic the country, some biological properties // Professor NG Asanov for the 70th anniversary of "the most dangerous animals in the fight against rare diseases and zooantroponoz exposed to modern problems" International scientific and practical conference, the 1st volume, Almaty, 06.12.2012. 196-201 p.

#### ЭНЗОТИЧЕСКИЙ АБОРТ ОВЕЦ: СЕРОЛОГИЧЕСКАЯ И ПАТОЛОГО-МОРФОЛОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА

Х.Б. Абеуов, Г.С. Шабдарбаева, А.С. Ибажанова, О.Т. Туребеков, К.Т. Майхин, Ж.Ж. Кенжебекова

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

**Ключевые слова:** энзотический аборт овец, серологические исследования, диагностика, патолого-морфологическая диагностика.

**Аннотация.** В статье приведены результаты серологических и патолого-морфологических диагностических исследований энзотических абортков среди овец хозяйств южных областей Республики Казахстан.

Поступила 15.07.2016 г.